

"Жамбыл ауданы, ауылдық округ әкімі аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 04 қыркүйектегі № 424 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі № 446 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қыркүйекте № 4737 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8-тармағына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл ауданы ауылдық округ әкімі аппараттары мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 04 қыркүйектегі № 424 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3530 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылдың 02 қазанында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. Телеуовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

С. Арубаев